



Компания туралы



2018–2028 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ



Электр энергиясы мен көмір нарығына шолу



Компания қызметіне қаржы-экономикалық шолу



Инвестициялық қызметті басқару



Сатып алуды басқару



Корпоративтік басқару



Орнықты даму



Қосымшалар



2018-2028 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ



БАРЛЫҚ УАҚЫТТАҒЫ СЕНІМДІЛІК

ПАЙЫМДАУ

Тиімділігі жоғары технологиялық операциялық энергетикалық компания - Қазақстан энергетикасының көшбасшысы

МИССИЯ

Акционерлер үшін құндылық қалыптастыру, орнықты даму қағидаттарын басшылыққа ала отырып, энергия ресурстарын сенімді жеткізу, жоғары технологиялық даму жолымен артып отырған сұранысты қанағаттандыру

СТРАТЕГИЯ

«Самұрық-Энерго» АҚ стратегиясы қазіргі ұстанымдарына негізделген сыртқы орта мен энергетика саласының негізгі тенденцияларын ескере отырып құрастырылған

НЕГІЗГІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕРДІ ІСКЕ АСЫРУ

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2018–2020 жылдарға арналған даму стратегиясын Директорлар кеңесі 2018 жылғы 28 тамызда бекітті (ДК № 08/18 хаттамасы).

Стратегияны іске асыру барысында «Самұрық-Энерго» АҚ Біріккен Ұлттар Ұйымының Жаһандық шартында, «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Орнықты даму саласындағы басшылығы мен Корпоративтік басқару кодексінде белгіленген орнықты даму қағидаттарын ұстанады.

Компанияның стратегиялық мақсаттары мен міндеттерін анықтау PESTEL-талдау, макроэкономикалық және салалық үрдістерді талдау, сондай-ақ ішкі ортаны талдау негізінде құрылды.

НЕГІЗГІ ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕР

Қазіргі уақытта Компанияның алдында оның ағымдағы жағдайының, сыртқы ортаның сипаттамалары мен даму үрдістерінің салдары болып табылатын бірқатар негізгі ішкі және сыртқы қауіп-қатерлер тұр.

Негізгі сыртқы қауіп-қатерлер

- Қуат нарығы.**
 Инвестициялар тарту есебінен жаңа қуаттар салуды және жұмыс істеп тұрғандарын жаңғыртуды, реконструкциялауды қамтамасыз ету болжанып отыр. Электр қуаты нарығы аясында «Самұрық-Энерго» АҚ-ның қолда бар электр станцияларының үздіксіз жұмысы үшін өндіруші жабдықтың тозу деңгейін қысқарту жөніндегі болжамдар.
- ЕАЭК жалпы электр энергиясы нарығын қалыптастыру.**
 ЕАЭК-тың жалпы электр энергетикалық нарығын енгізу нәтижесінде Қазақстан Республикасы Кеңеске қатысушы елдердің нарықтарына жеңілдетілген қолжетімділікке ие болып қана қоймай, сонымен қатар электр энергиясының сыртқы жеткізушілері үшін ішкі нарықтың ашықтығын атқарады.
- Көмірді сату көлемдерінің төмендеуі.**
 Екібастұз көмірімен жұмыс істейтін меншіктік станциялар жүктемелерінің төмендеуі көмірді сату көлеміне жағымсыз әсер етеді. ҚР-дағы өзге тұтынушылардың Екібастұз көмірін тұтынудағы өсу әлеуеті шектеулі. РФ-ға жеткізу көлемі ауыспалы сипатқа ие, ол РФ-да электр энергиясын тұтынудың өсуімен байланысты. Сонымен қатар, Ресей көмір станцияларын ішкі өндірушілердің көміріне немесе табиғи газға ішінара ауыстыру бойынша РФ саясаты жалғасуда.

- Экологиялық заңнама талаптарын күшейту.**
 Қазіргі уақытта әлемде қоршаған ортаны ластау деңгейін төмендетуге бағытталған тұрақты тренд байқалады. Қазақстан Республикасының экология саласындағы халықаралық қатынастардың белсенді қатысушысы ретінде және Самұрық-Энергоның экологиялық және әлеуметтік жауапты компания ретінде қабылдаған міндеттемелері қоршаған ортаны қорғау саласындағы үрдістерге проактивті әрекет жасау қажеттілігін белгілейді.
- ЖЭК-ті дамыту жөніндегі реттегіш ортаның өзгеруі.**
 ЖЭК нысандарын салу үшін аукциондық сауда-саттық тетігі ендірілді. Аукциондық сауда-саттықтарға қатысу үшін қаржылық қамтамасыз етуді енгізу қажет болатын белгіленген шекті аукциондық бағалардан бастап электр энергиясына бағаны төмендету қағидаты бойынша жүргізіледі.
- Бизнесті цифрландыру.**
 Қазіргі уақытта әлемде өндірістік және операциялық процестерді цифрландыру тренді байқалады, ол уақыт шығындарын оңтайландыруға, операциялық тиімділікті арттыруға және автоматтандырылған режимде алынатын талдау деректерін дамытуға әсер етеді.

Негізгі ішкі қауіп-қатерлер

- 2016–2020 жылдарға арналған Кешенді жекешелендіру жоспары аясында Компанияның активтерін әділ нарық баға бойынша сатуды қамтамасыз ету қажеттігі.
- Компанияның операциялық тиімділігін түбегейлі арттыру қажеттігі.

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ ЖАҒДАЙЫНЫҢ SWOT-ТАЛДАУЫ



Стратегиялық НҚК-ларды орындау

№	Атауы	2018 ж. нақты	2019 ж. нақты	2020 ж. нақты	2021 ж. болжам	2022 ж. болжам
1	Таза табыс, млн теңге	3 241	6 835	8 008	10 604	56 829
2	Қарыз /ЕБИТДА (ара қатынасы)	3,18	3,31	2,67	3,23	1,90
3	ROACE, %	2,99	3,43	3,60	3,98	9,53
4	Таза активтердің құны (NAV), млн теңге	385 304	392 073	400 623	403 255	460 084
5	Корпоративтік басқару рейтингі	BB	–	–	BBB	–
6	ҚР электр энергиясы нарығындағы үлесі, %	29,7	28,5	29,0	28,4	28,8
7	LTIFR	0,28	0,33	0,27	0,36	0,33

* Стратегиялық НҚК тізіміне 2019 ж. бастап енгізілген

Жалпы алғанда, Компанияның стратегиялық көрсеткіштерінің 2018–2022 жылдар кезеңінде жақсаруға бейімділік үрдісі байқалады. Өсудің негізгі факторлары ішкі нарықта электр энергиясы мен қуаттарды сату көлемін ұлғайту, қуатқа жеке тарифтер алу, технологиялық

қажеттіліктерге отын мен судың үлестік шығыстарын қысқарту, ОЭР-энергия үнемдеуге арналған шығындарды оңтайландыру, сондай-ақ борыштық жүктемені азайту болып табылады.



Компания туралы



2018–2028 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ



Электр энергиясы мен көмір нарығына шолу



Компания қызметіне қаржы-экономикалық шолу



Инвестициялық қызметті басқару



Сатып алуды басқару



Корпоративтік басқару



Орнықты даму



Қосымшалар



СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАР



Қатысу нарығында энергия ресурстарының сенімді бәсекеге қабілетті жеткізілімін қамтамасыз ету



Акционерлік капитал құнын арттыру



Орнықты даму

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСТАМАЛАР



Сатудың табыстылығын арттыру



Қызмет тиімділігін арттыру



Инвестициялық бағдарламаны тиімді іске асыру



Корпоративтік басқару және орнықтылық

МІНДЕТТЕР

Ішкі нарықта электр энергиясы мен көмірді сату көлемін ұлғайту

Қор компаниялар тобының тұтынушыларына электр энергиясының жеткізілуін қамтамасыз ету

- Қор компаниялар тобының тұтынушыларына 5,4 млрд кВт*с көлемінде электр энергиясын жеткізу қамтамасыз етілді

Энергия сыйымдылығы шағын өндіріске (майнинг, ЦОД) электр энергиясын жеткізуді қамтамасыз ету

- Энергия сыйымдылығы шағын өндіріске (майнинг, ЦОД) 1,376 млрд кВт*с электр энергиясын жеткізу қамтамасыз етілді

Қолда бар қуат көздерінің операциялық тиімділігін арттыру

Электр энергиясы ысырабының деңгейін төмендетуге қатысты іс-шараларды іске асыру

- ЭКЕАЖ және SKADA жобасы іске асырылуда

Инновациялық даму және цифрландыру

- «Цифрлық электр станциясы» жобасы жүзеге асырылды
- «Цифрлық кесік» жобасы жүзеге асырылды

Инвестициялық жобаларды іске асыру

«№ 3 энергия блогын орната отырып, Екібастұз ГРЭС-2 станциясын кеңейту және реконструкциялау» жобасын іске асыру

- Жабдықтарды қабылдау аяқталды, ЖСҚ құжаттарына түзетулер енгізу басталды

«Екібастұз ГРЭС-1 қуаттарын кеңейту және реконструкциялау (№ 1 блокты қалпына келтіру)» жобасын іске асыру

- ЖСҚ-ға түзету енгізілді. Инвестициялық келісім жасауға қатысты ішкі рәсімдер іске асырылуда

Орнықты даму саласында бастамаларды жүзеге асыру

Стейкхолдерлермен өзара тиімді іс-қимыл

- «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2019 жылғы қызмет қорытындысы бойынша Біріктірілген жылдық есеп жарияланды.
- БАҚ-пен үлкен жұмыс жүргізілуде.

Корпоративтік басқару тиімділігін арттыру

- Корпоративтік басқаруды жетілдіру жоспары табысты іске асырылуда

МІНДЕТТЕР

Ішкі нарықта электр энергиясы мен көмірді сату көлемін ұлғайту

Бәсекелестерді ығыстыру арқылы көмірді өткізу

- Қазақстан нарығында 33,4 млн тонна көмір сатылды. Сату көлемінің ұлғаюы ҚР-дың солтүстік аймағындағы тұтынушыларға жоспардан тыс жеткізілім жасау, сондай-ақ негізгі энергия өндіруші ұйымдардың көбеюі есебінен болды

Қолда бар қуат көздерінің операциялық тиімділігін арттыру

«Екібастұз кен орнының күлі көп көмірін жағуға арналған қазандық агрегаттарының от жағу құрылғыларының технологиялары (ҒЗТҚЖ)» жобасы іске асырылды

- Күлі көп Екібастұз көмірін және оны байыту қалдықтарын қайнаған қабатпен айналымдағы қайнаған қабаттың кешенді қондырғысында жағу бойынша эксперименттік зерттеулер жүргізілді. Тиімді жағу мүмкіндігін растайтын деректер алынды. Өнеркәсіптік және энергетикалық қазандықтардың тұжырымдамасы бойынша техникалық ұсыныстар әзірленді

Инвестициялық жобаларды іске асыру

«Богатырь» (ОҚТ) кесінде көмір өндірудің, тасымалдаудың, біркелкілеудің және тиеудің циклдық-ағындық технологиясына көшу жобасын іске асыру

- Жабдықтардың 80% астамы жеткізілді және құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізілуде

Орнықты даму саласында бастамаларды жүзеге асыру

Адам капиталын дамыту

- Мынадай іс-шаралар жүргізілуде: Көшбасшылықты дамыту; Корпоративтік мәдениетті дамыту; HR құзыреттерін дамыту.

Электр энергиясы мен көмірді экспортқа шығарудың жаңа бағыттарын бағалау

- Электр энергиясы мен көмірді өткізудің әлеуетті нарықтарының қажеттілігіне мониторинг жасау шеңберінде Түркия, Тәжікстан, Пәкістан, Беларусь Республикасының нарығына талдау жүзеге асырылды

Компанияның қаржылық тұрақтылығының артуы

- Қоғам кредиторларының барлық қаржылық ковенанттары сақталады. Fitch Ratings халықаралық агенттігі Компанияның ұзақ мерзімді рейтингін ВВ деңгейінде «Тұрақты» болжаммен растады, сондай-ақ дербес рейтингін «b» – дан «b+»- ке дейін көтерді

«Қуаты 50 МВт Ерейментау қ. аумағындағы жел электр станциясының құрылысы» жобасын іске асыру

- Құрылыс-монтаждау жұмыстары басталды

Сыртқы нарықтарда электр энергиясы мен көмірді өткізуді ұлғайту

- Экспорт Өзбекстан Республикасы мен Қырғызстанға 859 млн кВт*с электр энергиясы экспортталды. Ресейге жасалған көмір экспорты 10 млн тоннаны құрады

Компанияның трансформация бағдарламасын жүзеге асыру

- Цифрлық трансформация бағдарламасын іске асырудың Жол картасы бойынша барлық жоспарланған іс-шаралар мерзімінде орындалды

«Шелек дәлізінде келешекте 300 МВт дейін кеңейтілетін қуаты 60 МВт ЖЭС салу» жобасын іске асыру

- Құрылыс-монтаждау жұмыстары басталды, жабдықтарды жеткізу іске асырылуда

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ЕСЕП

БИЗНЕСТІҢ ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

2020 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ Цифрлық трансформациялау бағдарламасының 4 жоба мен 13 іс-шараны қамтыған Жобалар және іс-шаралар портфельін (Портфель) іске асыруды жалғастыруда, және 2025 жылға қарай 27,5 млрд теңге мөлшеріндегі таза пайдаға қол жеткізуді жоспарлап отыр.

Жоба/іс-шара атауы	Статусы	2020 жыл қорытындысы
АРЧМ енгізу (жоба)	Иске асыру процесінде	<ul style="list-style-type: none"> «ЕГРЭС-1» ЖШС және «МГЭС» АҚ станцияларына жабдықтарды ішінара жеткізу жүргізіліп, құрылыс-монтаждау жұмыстары басталды. Жоба бірыңғай диспетчерлік басқару желісіндегі реттеуге қатысу арқылы қосымша табыс көзін алу мақсатында жиілік пен қуатты реттеуді автоматтандыруға бағытталған. Жобаның 2021–2025 жылдар аралығында күтілетін пайдасы 4, 95 млрд теңге.
Біріктірілген жоспарлау жүйесі (жоба)	Жүйе енгізілді, жоба «Мониторинг» сатысында	<ul style="list-style-type: none"> 2020 жылы «ЕГРЭС-1» ЖШС-де баламалы отынның (УРУТ) тұтыну нормасы 13,51 г/кВт*с-қа, «СЕГРЭС-2» АҚ-да 8,30 г/кВт*с-қа төмендетілді, сонымен қатар «ЕГРЭС-1» ЖШС-де технологиялық суға шығыны да оңтайландырылды. 2020 жылдың қорытындысы бойынша 1,04 миллиард теңгенің таза пайдасына қол жеткізілді. Жобаның 2020 жылдан 2024 жылға дейінгі жоспарланған пайдасы 6 миллиард теңгені құрап отыр.
Кешенді қауіпсіздікті басқарудың жаңа моделін енгізу (жоба)	Иске асыру процесінде	<ul style="list-style-type: none"> 2020 жылдың 15 желтоқсанында «СЕГРЕС-2» АҚ және «ПВЭС» ЖШС нысандарында жобаның екінші толқыны сәтті аяқталды. 6 жаңа стандарт енгізіліп, жауапты тұлғалар үшін ПҚК белгіленді, 1500-ден астам қызметкер оқытылды, қызметкерлерді еңбекті қорғау мәселелеріне тарту күшейтілді және лауазымдық нұсқаулықтар жаңартылды. «Самұрық-Энерго» АҚ ЕТҮ-ларында (жоба жүзеге асырылған нысандарда) ӨҚ және ЕҚ және ҚОҚ басқарудың бірыңғай ұйымдық құрылымы жұмыс істей бастады. 2021 жылдың аяғына дейін – «АЖК» АҚ, «АлЭС» АҚ, «SGE» ЖШС-де жобаның үшінші толқынын жүзеге асыруды аяқтау жоспарланып отыр. Жобаны іске асыру шеңберінде жоба іске асырылғаннан кейін үш жыл ішінде жарақат алу деңгейін 30%-ға төмендеуіне қол жеткізу жоспарланып отыр.
Ақпараттық қауіпсіздікті басқару және қамтамасыз ету жүйесін енгізу (жоба)	Иске асыру процесінде, жоба «Мониторинг» сатысында	<ul style="list-style-type: none"> Еншілес және бағынысты ұйымдардың IT-мамандары ақпараттық қауіпсіздік проблемаларын шешу тәсілдері, киберқауіптерге қарсы тұру, орын алған ақпараттық қауіпсіздік оқиғалары мен кемшін тұстарын тіркеу және Жедел ақпараттық қауіпсіздік орталығымен өзара әрекет ету мәселелері бойынша оқытылды. Іс-қимылды бастау мерзімі туралы бұйрықпен ҮО-да және ЕБҮ-ларда: «ЕГРЭС-1» ЖШС; «ШГЭС» АҚ; «МГЭС» АҚ; «АлЭС» АҚ; «АЖК» АҚ; «ЕГРЭС-2» АҚ; «АЭС» ЖШС; «ESC» ЖШС ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесі іске қосылды.
Жобаларды (бастамаларды) портфельдік басқаруды енгізу 3 іс-шараны қамтиды:	Аяқталды	<ul style="list-style-type: none"> Қоғамның Жобалар мен іс-шаралар портфельінің құрылымы анықталды (бұдан әрі – Портфель), Қоғамның Жобалар мен іс-шаралар портфельі мен оның компоненттерін басқарудың әдістемелік негіздері әзірленді, және Қоғам Портфельіндегі жобалар мен іс-шараларды жасақтау, теңгерімдеу және бақылау жасауға жауапты құрылымдық бөлімше анықталды. Егер бұрын жобалық басқару тәсілдері әр түрлі болса, қазір олар тұтас бір процестің құрамдас бөліктері болып табылады.

Жоба/іс-шара атауы	Статусы	2020 жыл қорытындысы
Көшбасшылықты дамыту	Иске асыру процесінде	<ul style="list-style-type: none"> Директорлар кеңесінің шешімімен CEO, CEO-1 қызметкерлері үшін жеке даму жоспарлары әзірленді және бекітілді.
Корпоративтік мәдениетті дамыту	Иске асыру процесінде	<ul style="list-style-type: none"> Компанияның құндылықтары туралы үздік бейнеролик конкурсы өткізілді, Бизнесі трансформациялау офисімен бірге өзгерістер агенттерінің жұмыс тұжырымдамасы әзірленді.
HR құзыреттерін дамыту	Иске асыру процесінде	<ul style="list-style-type: none"> Сараптау орталығы құрылып, «HR бизнес-серіктес» лауазымы енгізілді.
Yellow Pages қағидаттарын іске асыру	Аяқталды	<ul style="list-style-type: none"> IT-қызметтерін бәсекелес ортаға шығару бойынша жол картасы әзірленді.
IT шығындарын оңтайландыру	Аяқталды	<ul style="list-style-type: none"> IT саласының тұрақты пайдалану шығындарын оңтайландыру жоспары жүзеге асырылды.
Компанияның сатып алу қызметін және диагностика жүргізуді басқару әдістемесін әзірлеу	Аяқталды	<ul style="list-style-type: none"> «Самұрық-Энерго» АҚ Сатып алу қызметін басқару ережелері әзірленіп, Басқарма тарапынан бекітілді.

2020 жылы трансформация командасы бизнес тиімділігін арттыруға бағытталған идеялар мен ұсыныстарды іздестіру мақсатында еншілес және бағынысты ұйымдармен, «Самұрық-Энерго» АҚ құрылымдық бөлімшелерімен ауқымды жұмыс жүргізді. Осы жұмыс нәтижесінде Жобалар мен іс-шаралар портфельі жаңартылып, 2020 жылдың желтоқсанында Директорлар кеңесінде мақұлданды. Портфельде қамтылған 7 жоба мен 12 іс-шараның бюджеті 3,5 млрд теңгені құрады, ал болжамды пайдасы 15,8 млрд теңгеге бағаланды.

Портфельге: «Қазандық агрегаттарын мазутсыз тұтандыру жүйесін енгізу (Плазматрон)»; «Қауіпсіз өндіріс»; «Деректерді талдау арқылы желілердегі коммерциялық шығындарды талдау» секілді жобалар енгізілді. Сонымен қатар: «Мастер деректерді басқару процесін енгізу»; «ЖЭО-3-те газбен жұмыс істейтін қазандықтарды жағуды ұйымдастыру»; «Тұрақты жақсарту процесін жетілдіру»; «Корпоративтік менеджмент жүйесін жетілдіру»; «ЖЭК электр энергиясын сатып алу моделін жетілдіру»; «Автоматтандырылған медициналық тексеріс жүйесін енгізу»; «АЭС» ЖШС электр энергиясын тұтынушыларына арналған онлайн-қызметтерді енгізу»; «Жеткізушілер» бастамасымен жобаларды әзірлеу үшін сатып алу қызметін диагностикалау» іс-шаралар қамтылды.

2020 жылы «АЭС» ЖШС заңды тұлғаларына онлайн-қызметтерді енгізу» іс-шарасы басталды. Осы іс-шараның арқасында Алматы қаласы мен Алматы облысының заңды тұлғалары онлайн-режимде барлық қажетті ақпаратты алып, есептесулер жүргізе алады. 2025 жылға дейін кем дегенде 15 мың заңды тұлғаны онлайн-қызметке ауыстыру жоспарланып отыр.

«АЛЭС» АҚ мен «Екібастұз МАЭС-1» ЖШС-да «Автоматтандырылған медициналық тексеріс жүйесін енгізу» іс-шарасы (пилоттық форматта) аяқталды. Іс-шара нәтижесі бойынша «АлЭС» АҚ аппараттық-бағдарламалық жасақтама кешенін сатып алды, бұл кешен қызметкерлерге бір минут ішінде зерттеуден өтіп, өзінің сол сәттегі физикалық жағдайы туралы толық ақпарат алуға және жұмысқа кірісуге рұқсат алуға мүмкіндік береді.

Алдын ала берілген деректер бойынша, 2020 жылы Цифрлық трансформация бағдарламасы бойынша таза пайда 4,42 млрд теңгені құрады, жылдық жоспары 3,31 млрд теңге болғандықтан, орындалуы 133% құрады. Жобалар мен іс-шаралардың негізгі нәтижелерін қамтитын Цифрлық трансформация бағдарламасының Жол картасын іске асыру 100%-ды құрап отыр. Бизнесі трансформациялау бағдарламасының Жобалар портфельін жаңарту мақсатында бизнес бастамаларды жинақтау және талдау жұмыстары жалғаса бермек.